

Қарқаралы ауданы бойынша 2010 жылға салық салу бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері, аудан базарларында бір жолғы талонның бағаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының XIX сессиясының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 19/195 шешімі. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 қаңтарда N 8-13-73 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихат аппаратының 2011 жылғы 06 сәуірдегі N 30 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихат аппаратының 2011.04.06 N 30 хатымен.

2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі), 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі), 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде

аудандық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. Қарқаралы ауданы бойынша 2010 жылға салық салу бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері, аудан базарларында бір жолғы талонның бағасы 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Т. Даутов

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

хатшысы

О. Жүкібаев

Келісілді:

Қ а р қ а р а л ы а у д а н ы б о й ы н ш а

салық басқармасының бастығы

Қ. Өтебаев

Қарқаралы

ауданының

мәслихатының

2009

жылғы

22

желтоқсандағы

N

19 / 195

ш е ш і м і н е

1 қосымша

Айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері

	Салық салу объектісінің атауы	2010 жылға салынатын тіркелген салықтың базалық ставкасының мөлшері (айлық есептік көрсеткішпен)
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтысы жоқ ойын автоматы	10
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ұтысы жоқ ойын автоматы	15
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын жеке компьютер	4
4.	Ойын жолы	75
5.	Карт	10
6.	Бильярд үстелі	23

Қарқаралы

ауданының

мәслихатының

2009

жылғы

22

желтоқсандағы

N

19 / 195

ш е ш і м і н е

2 қосымша

Аудан базарларында бір жолғы талонның бағалары

Бір жолғы талон негізіндегі кәсіпкерлік әрекеттің түрлері	Бір жолғы талонның 1 күнгі бағасы
	теңгемен 2010 жылға
1. Сату (стационарлық үй–жайда іске асырылатын кәсіпті қоспағанда).	
1) Газет пен журналдар	84
2) Тұқым және егу материалдары	1243
3) Бақша дақылдары	50
4) Саяжай мен үй жанында өсірілген тірі гүлдер	1243
5) Үй жанында және саяжай учаскелерінде алынған ауыл шаруашылығы өнімдері	155
2. Жер учаскілерін өңдеу бойынша жеке тракторлар иелерінің қызмет көрсетулері.	
1) Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке тракторлар иелерінің қызмет көрсетулері	367
3. Қарқаралы ауданы базарларындағы бір жолғы талондар бағасы.	
	1 шаршы метр мөлшері теңгемен
1) Азық-түлік	30
2) Өндіріс тауарлары	40

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК